

Келісемін:

Тексерілді: 

МКҚК N4 «Гүлдер» бөбекжай-балабақшасы

Әдіскері: Турлугулова Н. Р

«Білім күні»

Таным сағаты

№9 «Ақкөгершін» тобы

Музыка жетекшісі: Мусаева Н Қ

Тәрбиеші: Аяпова Д.К

Джаманов Р.С

2025-2026 оқу жылы

Білім күніне арналған іс-әрекет ұйымдастырылған оқу қызметі

Тобы: МАД (мектепалды даярлық тобы)

Тақырыбы: Білім – алтын қазына

Білім беру саласы: Әлеумет

Күні: 1 қыркүйек – Білім күні

Мақсаты:

Балаларды білім алуға қызықтыру, мектепке деген жағымды көзқарас қалыптастыру. Міндеттері:

- Білім күні туралы түсінік беру; - Мектеп, білім ұғымдарымен таныстыру; - Ұқыптылыққа, ынтаға тәрбиелеу. Көрнекіліктер:

Мектеп суреттері, кітаптар, оқу құралдары. Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі

Балалармен амандасу. Шаттық шеңбері. – Балалар, бүгін біз ерекше мереке – Білім күні туралы сөйлесеміз.

2. Негізгі бөлім

Әңгімелесу: – Білім деген не? – Мектепке кімдер барады?

Тәрбиеші Білім күні туралы қысқаша әңгімелейді. Сергіту сәті

«Оқушы» қимылды жаттығуы.

3. Қорытынды бөлім

Балалар білім туралы тақпақ айтады. Қорытындылау, мадақтау



Келісемін:

Тексерілді: 

МКҚК N4 «Гүлдер» бөбекжай-балабақшасы

Әдіскері: Турлугулова Н. Р

«Тіл – халықтың қазынасы»

Таным сағаты

№9 «Ақкөгершін» тобы

Муыка жетекшісі: Мусаева Н Қ

Тәрбиеші: Аяпова Д.К

Джаманов Р.С

2025-2026 оқу жылы

Тілдер күніне арналған ертеңгілік

(МАД тобы)

Тақырыбы: «Тіл – халықтың қазынасы»

Мақсаты: – Балаларға мемлекеттік тілге деген сүйіспеншілікті арттыру; – Қазақ, орыс және ағылшын тілдері туралы түсінік беру; – Өнерге, сөз мәдениетіне тәрбиелеу. Жүргізуші:

Құрметті қонақтар, ата-аналар! Бүгін біз «Тілдер күні» мерекесіне арналған ертеңгілігімізді бастаймыз!

1-кезең: Ашылу биі

Ортаға МАД тобының балалары шығып, көңілді би орындайды.

2-кезең: Өлеңдер шеруі

Балалар кезекпен қазақ, орыс, ағылшын тілдері туралы тақпақтарын айтады.

3-кезең: «Үш тіл - үш бұлақ» көрінісі

Үш бала үш тілдің рөлін орындап, тілдің маңызын көрсетеді.

4-кезең: Ойын «Сөз тап»

Жүргізуші сөз айтады, балалар сол сөздің қай тілге жататынын табады.

5-кезең: Ұлттық аспаптар оркестрі

Балалардың орындауында «Рух».

6-кезең: Қорытынды сөз

Тіл – халықтың жаны. Өскелең ұрпағымыз тілімізді қастерлеп, құрметтей берсін!



Келісемін:

Тексерілді: 

МКҚК N4 «Гүлдер» бөбекжай-балабақшасы

Әдіскері: Турлугулова Н. Р

Ертегі еліне саяхат

Муыка жетекшісі: Мусаева Н Қ

2025-2026 оқу жылы

«Ертегі еліне музыкалық саяхат»

Квест ойын

Мақсаты: Балаларды музыка арқылы ертегі әлеміне саяхаттата отырып, музыкалық қабілеттерін, қимыл-қозғалыс белсенділігін және шығармашылық қиялын дамыту

Міндеттері: Музыканы тыңдай білуге, ырғақты сезінуге үйрету;

Өн айту, би қимылдарын орындау дағдыларын жетілдіру:

Топпен әрекет етуге, тапсырманы бірлесе орындауға баулу:

Ертегі кейіпкерлері арқылы қызығушылықтарын арттыру.

Қажетті құрал-жабдықтар:

Музыкалық орталық, сиқырлы сандық, тапсырма жазылған конверттер, музыкалық аспаптар (қоңырау, сылдырмақ, барабан)

Ертегі кейіпкерлерінің суреттері.

-Балалар, бүгін біз ерекше сапарға аттанамыз. Бұл жай саяхат емес, бұл-ертегі еліне музыкалық саяхат. Ол жерге жету үшін біз музыкалық тапсырмаларды орындауымыз керек.

(Жай әуен ойнайды.)

1-бекет: «Әуенді тап»

Балаларға қысқа музыкалық үзінді тыңдатылады. Тапсырма әуен көңілді ме, көңілсіз бе екенін анықтау, қол шапалақтау арқылы көрсету.

2-бекет: «Ертегі кейіпкері қалай жүреді?»

Музыка жетекшісі ертегі кейіпкерлерін атайды (аю, қоян, түлкі)

Тапсырма: Музыка ырғағына сай қимылмен бейнелеу

3-бекет: «Сиқырлы аспаптар»

Балаларға музыкалық аспаптар таратылады. Тапсырма: Музыка жетекшісінің көрсеткен ырғағын қайталау.

4-бекет: «Би алаңы»

Көңілді ертегінің музыкасы қосылады. Еркін би қимылдарын орындау.

-Балалар біз саяхаттай отырып, әр бекеттің тапсырмаларын орындадық.

-Сендерге саяхат ұнады ма?

-Қайсы бекеттің тапсырмасы ұнады?

Балалар ендеше сендерге тосын сый (ортаға ертегі кейіпкерлері сандықша алып кіреді)

Балалар сендер барлық тапсырмадан сәтті өттіңдер. (Сандықша ішінен балаларға сый таратылады)



Келісемін:

Тексерілді: 

МКҚК N4 «Гүлдер» бөбекжай-балабақшасы

Әдіскері: Турлугулова Н. Р

«Өнегелі 15 минут»

Музыка жетекшісі: Мусаева Н Қ

2025-2026 оқу жылы

«Өнегелі 15 минут» тақырыбына байланысты аналарымызбен кездесу ұйымдастырылып, әңгіме жүргізілді. Әңгіме айта отырып, алдын-ала әзірленген қажетті заттарды желімнің, ине мен жіптің көмегімен фетр бетіне жапсырып, тігіп шығамыз. Қалдық заттарды қолданып музыкалық бизиборд жасап шығамыз.

Дайын болған аспабымызды қолданып, Нұрғиса Тілендиев атамыздың «Аққу» күйін орындаймыз.

Балаларымен біріге отырып, өз қолымен жасап шыққан аспапта күй ойнап, аналарымыз жақсы әсер алды. Оны көрген балалардың да әсері ерекше болды.

Ұлттық құндылығымызды жоғалтпай дәріптеп жүрейік.



Келісемін:

Тексерілді: 

МКҚК N4 «Гүлдер» бөбекжай-балабақшасы

Әдіскері: Турлугулова Н. Р

«Күй керуені»

Ұлттық аспаптар оркестрі

Музыка жетекшісі: Мусаева Н Қ

2025-2026 оқу жылы

«Күй керуені» аясында балаларға алдымен күйді тыңдату, мазмұнын әңгімелеу, кейін қарапайым ырғақтық сүйемелдеумен орындату ұсынылады. Мысалы: балалар таяқша, сылдырмақ, қоңырау, асатаяқ, кесе сияқты қарапайым құралдар арқылы күй ырғағына қосылып ойнай алады. Бұл тәсіл балалардың музыкаға қызығушылығын арттырып қана қоймай, ұжыммен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырады.

Менің басты міндетім-күйді бала жүрегіне жеткізе білу. Алдын - ала күйдің шығу тарихын қысқаша түсіндіріп, домбыраның үнін тыңдатып, кейін ырғақпен, қимылмен бекіту тиімді нәтиже береді. Сонымен қатар көрнекілік (домбыра, күйші бейнесі, ұлттық бұйымдар) қолдану балалардың қабылдауын жеңілдетеді.

Күйді бала бойына әбден сіңіріп алған соң, ұлттық аспаптарды қолға алып оркестр құрып, сол күйдің ырғағына ілесіп оркестр ойнауды үйренеміз.

«Күй керуені» - ұлттық өнерді дәріптеудің, балалардың эстетикалық талғамын қалыптастырудың, музыкалық қабілетін дамытудың маңызды құралы. Күйді тыңдап өске бала-рухани бай, ұлттық құндылықты қадірлейтін тұлға болып қалыптасады.





Келісемін:

Тексерілді: 

МКҚК N4 «Гүлдер» бөбекжай-балабақшасы

Әдіскері: Турлугулова Н. Р

«Алтын күз» мерекесі

Муыка жетекшісі: Мусаева Н Қ

2025-2026 оқу жылы

Барлық топтарда 28-і мен 31-ші қазан аралығында «Алтын күз» мерекесі өткізілді. Мектепалды даярлық топтарында «Шедрая Осень», «Күз сыйы» деп тақырып алып, сценарий жаздым. Бұл іс-шарада күздің сыйына ғажайып сәт ретінде банкамат үйшікті қолданып, балалардың карточкамен, банкоматпен таныстығын арттыра түстік. Ал, ересек топ балалары Күннің жарқыраған шуақтарын табуына өз өнерлерін көрсете отырып көмегін тигізді.

Сонымен қатар әр топтың жас ерекшеліктерін ескере отырып, би қойылымдарын және алтын күзге арналған әндерін таңдадым.

Тақырыпқа сай қимылды ойындар ойнатылды.

Ертеңгіліктің жақсы өтуіне кейіпкерлеріміздің шынайы ойындары көп көмегін тигізді.



Келісемін:

Тексерілді: 

МКҚК N4 «Гүлдер» бөбекжай-балабақшасы

Әдіскері: Турлугулова Н. Р

«Республика күні» мерекесі

Музыка жетекшісі: Мусаева Н Қ

2025-2026 оқу жылы

Тақырыбы: «Елімнің айбыны – менің мақтанышым»

Республика күніне арналған ертеңгіліктердің мақсаты: Балалардың туған жерін, туған елін, халқын құрмет тұтуға тәрбиелеу

Отанға деген патриоттық сезімдерін ояту

Балабақшамыздағы барлық топтарда Республика күніне арналған ертеңгіліктер өткізілді. Ересек және мектепалды даярлық топтарына сценарий жаздым. Әр топтың жас ерекшеліктерін ескере отырып ән, би дайындадым. Топтың тәрбиешілерімен бірігіп ертеңгіліктік жақсы өтуіне ат салыстым.

Ертеңгілікте ұлттық ойындар ойнатылды.

Мектепалды даярлық «Ақкөгершін» тобы бүлдіршіндерімен аудандық мәдениет үйіне барып, қызметкерлерді құттықтап қайттық.



Келісемін:

Тексерілді: 

МКҚК N4 «Гүлдер» бөбекжай-балабақшасы

Әдіскері: Турлугулова Н. Р

«Әуенмен сергіту»

Қимылды музыкалық жаттығулар

Музыка жетекшісі: Мусаева Н Қ

2025-2026 оқу жылы

«Әуенмен сергіту»

(Қимылды-музыкалық жаттығулар)

Мақсаты: Балалардың қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру, музыканы тыңдай отырып, қарапайым қимылдарды орындауға үйрету.

Міндеттері: Музыка ырғағына сай қозғалу дағдыларын қалыптастыру;

Ұсақ және ірі моториканы дамыту;

Зейінін, есту қабілетін және кеңістік бағдарлауын жетілдіру;

Музыкалық құралдарға қызығушылықтарын ояту.

Жаттығулар барысы:

1. «Текшемен қадам»

Құрал: текше

Музыка: баяу

- Балалар текшені екі қолымен ұстайды.
- Музыка басталғанда орнында жай қадамдайды.
- Музыка тоқтағанда-текшені жоғары көтеріп, қатып қалады.

2. «Сылдырмақ сыңғыры»

Құрал: сылдырмақ

Музыка: баяу-орташа темп

- Балалар сылдырмақты бір қолымен ұстайды.
- Музыка әуенімен сылдырмақты жоғары-төмен, оңға-солға шайқайды.
- Музыка жылдамдағанда-қимыл да жылдамдайды.
- Музыка тоқтағанда сылдырмақты артына жасырады.

3. «Таяқшамен тырсылдат»

Құрал: таяқша

Музыка: Жылдам, ырғақты

- Балалар таяқшаны екі қолымен ұстайды.
- Музыка ырғағымен алақанға ақырын соғады.
- Музыка ырғағымен еденге қойып, қамыр жаю әдісін жасайды.
- Таяқшаны ырғай отырып орнында айналады.





Келісемін:

Тексерілді: 

МКҚК N4 «Гүлдер» бөбекжай-балабақшасы

Әдіскері: Турлугулова Н. Р

«Ақ ұлпа арасында»

Көңілді би алаңы

Музыка жетекшісі: Мусаева Н Қ

2025-2026 оқу жылы

«Ақ ұлпа аясында»

Көңілді би кеші

Барлық топ балалары жылы кейініп далаға шығады.

Айнала аппақ ақ ұлпа қарлар сол қардың ортасында би кеші
ұйымдастырылады.

Анимациялық костюдер киген кейіпкерлер де көңілді кешімізге сән береді.

Музыка жетекшісі музыка әуенін қатты қойып балаларды би билеуге
шақырады.

Флешмомб биі

(Флешмомб соңынан балалар еркін би қимылдарын жасайды)

Музыка жетекшісі:

-Айналамыз!

-Секіреміз!

-Біз суықта тоңбаймыз

Көңілді би билейміз!

Қатар қатар тізіліп,

Үлкен сап құраймыз!

Алақанды ысқылаймыз

Бетімізді қорғаймыз!

Ақ ұлпаны қолға алып

Шеңберге оны атамыз

Ойын: «Ақ ұлпалар лақтыру»

Көңілді би кешін аяқтап, балалар топтарына кіреді.



Келісемін:

Тексерілді: 

МКҚК N4 «Гүлдер» бөбекжай-балабақшасы

Әдіскері: Турлугулова Н. Р

«Жаңа жыл» мерекесі

Музыка жетекшісі: Мусаева Н Қ

2025-2026 оқу жылы

Жаңа жыл мерекесіне арналған ертеңгіліктер желтоқсан айының 22-сі мен 26-сы аралығында өткізілді. Мерекелік кешке барлық топ балалары қатыстырылды. Әр топтың жас ерекшелігіне сай сценарий жаздым. Ересек топ балаларына сайқымазақтар кіріп, қызықты ойындар ойнатып, көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Балалар сайқымазақтармен бірге би билеп, Аяз Атаны шақырды. Аяз Атаға арналған тақпақтар айтылып, ән шырқалды.

Ал, мектепалды даярлық топтың ертеңгілігіне Гринч кіріп, балаларға түрлі тапсырмалар берді. Тапсырмаларды орындаса ғана Аяз Атаны қамаудан шығаратынын айтты. Балалар оқиғаға шынайы сеніп, барлық тапсырманы орындап, Аяз Атаны құтқарып алды. Гринчтың да көңілін көтеріп, жаңа жылдық би тарту етті.

Әрине жаңа жылдық қойылымдар Мыстансыз өтпейді. «Балапан» мектепалды тобының ертеңгілігіне кіріп, мерекенің шырқын бұзуға тырысты. Бірақ, балалар оған жол бермеді.

Ертеңгіліктер өте қызықты өтті. Кейіпкерлер өз рөлін тамаша ойнап шықты.



Келісемін:

Тексерілді: 

МКҚК N4 «Гүлдер» бөбекжай-балабақшасы

Әдіскері: Турлугулова Н. Р

«Аудандық музыка жетекшілері семинары»

Музыка жетекшісі: Мусаева Н Қ

2025-2026 оқу жылы

Тақырыбы: «Музыка мен қимылдың баланың эмоциялық дамуына әсері»

Мақсаты: Музыкалық-қимылдық әрекеттер арқылы баланың ішкі жан дүниесін, көңіл-күйін еркін білдіру қабілетін қалыптастыру.

Міндеттері: Музыка мен қимылдың баланың эмоциялық дамуына тигізетін әсерін анықтау;

Музыкалық ырғақ пен қимыл арқылы баланың көңіл-күйін, сезімін жеткізуге, топтық қарым-қатынаста өзін ұстай білуге үйрету;

Баланың қиялын, шығармашылық белсенділігін дамыту;

Өзінің эмоцияларын (қуаныш, реніш, қорқыныш, таңдану, тыныштық) ажырата білуін қалыптастыру;

Балаларға (қонақтарға) жақсы көңіл-күй сыйлау мақсатында Түйекұс кейпіне еніп қарсы аламын және сәлемдесемін. (Әуенмен би қимылдарын жасау)

-Сәлеметсіздер ме қонақтар!

-Көңіл-күйлеріңіз қалай?

-Мені таныдыңыздар ма?

-Мені көргенде қандай сезімде болдыңыздар?

Қуандыңыз ба, таңдандыңыз ба әлде қорқып кеттіңіз бе? Мүмкін ренжіп қалған боларсыз?

-Мен де сіздерді көргенде қатты қуандым!

-Менімен тағы кездескілеріңіз келе ме?

Ендеше, бүгінгі кеште керемет көңіл-күйде болып, жақсы іс-әрекет көрсетсеңіздер мен сіздерге тағы келемін.

-Қайта кездескенше! Сау болыңыздар! (Әуенмен шығып кетеді)

Қайырлы күн құрметті әріптестер!

Бүгінгі тақырыбыма сай іс-тәжірибемен бөлісуімді Түйекұс кейпінде бастадым. Яғни, сіздерде жағымды эмоция туғызғым келді. Сіздерге жақсы көңіл-күй сыйлай алдым ба? Тек Түйекұс емес басқа да кейіпке еніп, балаларға эмоция сыйлай аласыз.

Сіз мүмкін Қасқыр болып; -Сәлем балақайлар!

Мүмкін тышқан болып; -Пи,пи,пи, сәлем балақайлар!

Мүмкін Чи-чи балапан болып; -Сәлем,сәлем достар!

Балаларды музыка залында түрлі кейіпте қабылдасақ олардың ішкі жан дүниесіне әсер етіп, эмоциялық дамуына ықпал тигізе аламыз.

Ал, енді келесі кезекте «Ырғақты ойын»

Балалар музыка тыңдай отырып, ұзақ және қысқа дыбыстарды соғып немесе саусақпен түртіп көрсетеді. Бұл ойын арқылы қолдың ұсақ маторикасы жетіледі. Бастысы тұйық мінезді, ән айтуды қаламайтын балалардың өзі осы ойын арқылы әуенді тыңдап, әнге ілеседі, іштей қайталайды және ішкі эмоциясын шығара алады. Бір әріптесімді ойнап көруге шақырайын. «Ойыншықтар» әніне ырғақты ойнау.

Енді осы ырғақты түрлендіріп екі қолмен ойнауды ұсынамын. Екі қолдың үлесімді қозғалысы нейродамытушы жұмыс.

Бұл жерде бала бойында эмоциялық тұрақтылық пайда болады, яғни бала өз іс-әрекетін бақылауда ұстайды. Эмоциялық тұрақтылықпен қатар есте сақтау, зейін қабілеттері дамида. Бұл әдіс әсіресе ұялшақ, мазасыз балаларға өте пайдалы. Ал, енді әріптестер сіздерге қызықты болу үшін ойынның күрделі түрін таңдадым. Әрі оны тартысты өтуі үшін топтық сайыс ретінде өткізгім келеді.

Үш-үштен екі топ құрайық.

Бұл жерде жылдамдық емес ырғаққа қатесіз түсу маңызды.

(Қажетті құралдарды қолданып әріптестер ойын көрсетеді)

Келесі кезекті ұлттық құндылығымызды дәріптеу мақсатында «Күй күмбіріне» берейік.

Ортаға әріптестерімді шақырамын.

-Күй ойнау үшін бізге алдымен не қажет?

-Әрине, музыкалық аспаптар

Ал, мен бүгін музыкалық аспаптардың орнына «Бизиборд» аспабын алып келдім. Бұл аспап-қалдық заттарды қолдана отырып, балаларға қызықты етіп жасалған.

Енді осы бизибордымызды алып, Н. Тілендиевтің «Аққу» күйін орындайық.

Келесі кезекте «Аспаптармен танысу»

Бұл жерде де аспаптарды жай ғана атап, түрін көрсетумен шектелмей, оны да ойын түрінде жүргізіп, балалардың өзін еркін ұстап, эмоциялық жай-күйін жеткізе білуіне ықпал ету.

Алдымен музыкалық аспаптар (сылдырмақ, домбыра, үшбұрыш, тұяқтас. Аспаптар қатысушы санымен сәйкес болуы керек) ортаға қойылады. Музыка қосылып, қатысушы әуеннен ләззат алып, өз еркімен, еркін қимылдар жасайды. Музыка жетекшісі бір аспаптың атын атайды.

Сылдырмақ – қатысушы жылдам сылдырмақты тауып алып, әуен ырғағымен ойнайды.

Домбыра-сылдырмақты қойып, домбырада ойнайды.

Тұяқтас-домбыраны қойып, тұяқтаста ойнайды.

Ойын осылай жалғаса береді.

Бұл ойын балалардың эмоциялық, танымдық қабілеттерін дамытады.

іс-тәжірибеммен бөлісуді аяқтамас бұрын, сіздерге тағы да бір эмоция сыйлағым келеді. Ол үшін барлығымыз назарымызды экранға аударайық.

«Ритмдік жаттығу»

Залда отырған барлық қатысушымен бейне роликті көрсете отырып, ритмдік жаттығу жасаймыз.

Музыка мен қимыл-балаға табиғи, жеңіл, қызықты әсер ететін құрал.

Музыка арқылы бала қуанады, тынышталады, ойланады.

Қимыл арқылы ішкі эмоциясын (көңіл-күйін) сыртқа шығарады.

Назарларыңызға рахмет!

